- Бір-бірінің үстіне орналастырып салыстырудың мүмкіндігі болмаған жағдайларда салыстырылып жатқан аудандар бірдей өлшемді квадраттарға бөлінеді де әрбір аудандағы квадраттар саны салыстырылады.



Бұл қескіндер бір-біріне беттесіп түспейді. Олардың аудандары тең екендігін дәлелде.

- ABCD тік төртбұрышта 1 см<sup>2</sup>-тан нешеу жайласты? Демек, ABCD тік төртбұрыштың ауданы □ см<sup>2</sup>-қа тең.



5. Квадраттың қабырғасы 3 есе арттырылса, оның ауданы неше есе артады? Сызып көрсөт.
6. Үшбұрыштың бір қабырғасы 18 см. Екінші қабырғасы бірінші қабырғасынан 20 мм қысқа. Үшінші қабырғасы екінші қабырғаның  $\frac{3}{4}$  бөлігіне тең. Үшбұрыштың периметрін тап.

Салыстыр:



$$8 \text{ дм}^2 \quad \square \quad 40 \text{ см}^2 \qquad 1 \text{ дм}^2 \quad \square \quad 5 \text{ см}^2 + 150 \text{ см}^2$$



$$5 \text{ дм}^2 \quad \square \quad 500 \text{ см}^2 \qquad 10 \text{ дм}^2 \quad \square \quad 1000 \text{ см}^2$$



8. Егіс алаңының ауданы  $300 \text{ м}^2$ -қа тең. Оның  $\frac{1}{6}$  бөлігіне құлпынай, ал  $\frac{4}{6}$  бөлігіне қызанақ егілді.



Балғар қалампры үшін қанша жай қалды?

### Уақыт өлшем бірліктері

1. а) Сағаттың тілдері нешені көрсетіп тұр? Сағат 25 минуттан кейін нешені көрсетеді?
- ә) 1 сағат неше минут?



Сағаттың неше тілі бар? Бақыла: 1 минут уақыт өткенше сағаттың секунд тілі неше рет толық айланып шықты?

**1 h (сағат) = 60 мин, 1 мин (минут) = 60 секунд**

2. Сағаттың секундтың көрсететін тілі 1 рет толық айланып шықса бұл неше секунд немесе минут болады?

Минутты көрсететін тіл 1 рет толық айланып шықса бұл неше минут немесе сағат болады? Сағатты көрсететін тілі 1 рет толық айланып шықса қанша уақыт өтеді? Бұл неше сағат болады? 2 рет толық айланып шықса қанша уақыт өтеді? Бұл неше сағат болады?

$$1 \text{ d (тәулік)} = 24 \text{ h (сағат)}$$

3. а) Минуттарда өрнекте: 1 сағат 25 минут, 1 сағат 55 минут, 2 сағат 30 минут, 2 сағат 40 минут, 2 сағат 50 минут, 3 сағат 55 минут, 4 сағат.  
ә) Сағат пен минуттарда өрнекте: 70 минут, 110 минут, 130 минут, 150 минут, 175 минут, 200 минут, 220 минут, 250 минут, 400 минут.  
б) Сағаттарда өрнекте: 1 тәулік 6 сағат, 2 тәулік, 2 тәулік 12 сағат, 3 тәулік, 3 тәулік 10 сағат.
4.  $50 \text{ с} + 55 \text{ с} = 3 \text{ h} - 5 \text{ мин} = 24 \text{ мин} \cdot 8$
5. Аудандарының шамасы өзара тең болған, екі түрліше тік төртбұрыш сыз.
6. Сағаттың сыртын 6 бөлікке бөл, онда әрбір бөліктегі сандар қосындысы бірдей болсын.
7. а) Минуттарда өрнекте: 1 сағат 20 минут, 1 сағат 40 минут, 2 сағат, 2 сағат 15 минут.  
ә) Сағат пен минуттарда өрнекте: 90 минут, 150 минут, 180 минут, 200 минут, 240 минут.
8. а) Бөлменің биіктігі 6 м, ал ені 4 м. Бөлменің ауданын квадрат метрлерде есепте.  
ә) Бөлменің биіктігі мен енін өлше. Оның ауданын квадрат метрлерде есепте.





## Уақыт өлшем бірліктері арасындағы қатынас

1. Тұылған жылдың, ай мен күнінді айт. Қазір неше жастасың, яғни тұылғаныңа неше жыл болды?



**Жыл-Жердің Күн айналасында бір рет айланып шығуына кеткен уақыт. 1 жыл 12 айдан тұрады. 1 ай 31 немесе 30 тәулік. Февраль – 28 немесе 29 тәулік. 1 жыл 365 немесе 366 тәулік.**


2. Жыл қайсы айдан басталады? Жылдың жартысы аяқталды және екінші жартысы басталды. Бірінші жарты жыл қайсы айдан басталып, қайсы айда аяқталады? Екінші жарты жыл ше? Бірінші және екінші жарты жылдағы күндердің саны тең бе? Оларды есептеп салыстыр.
3. а) сағаттарда өрнекте: 4 тәулік; 11 тәулік; 240 минут; 3600 секунд.  
 ә) тәуліктерде өрнекте: 48 сағат; 96 сағат; 4 апта.  
 б) жылдарда өрнекте: 36 ай; 84 ай; 144 ай, 240 ай.
4. а) Төмендегілер бір сағаттың қанша бөлігін құрайды: 1 минут; 10 минут; 30 минут; 60 минут.  
 ә) Төмендегілер бір метрдің қанша бөлігін құрайды: 1 см; 20 см; 30 см; 50 см.
5. Әрбір кескінде неше квадрат сантиметр бар екенін сана. Әрбір кескіннің ауданы нешеге тең?



6. Нафиса музыка үйірмесіне қатысу үшін бір

күнде 120 минут жұмсайды. Бұл уақыттың  $\frac{3}{4}$  бөлігін музыка үйренуге,  $\frac{1}{4}$  ал бөлігін ол жерге барып-келуге жұмсайды. Ол қанша уақыт үйірмеде болады?

- 7.** Сурет негізінде есеп құрастыр және оны шеш:

**8.**

$x = 0$  -ге тең болса өрнектің мәнін тап:

$$(5347 + 2136) - 4026 + x \cdot 47$$

$$7804 - (5265 - 3139) + x : 25$$

**9.**

Мектепте әрбір сабак 45 минуттан жалғасады. Бірінші және екінші сабақтан кейін 5 минуттан үзіліс, үшінші сабақтан кейін болса 15 минут үзіліс болады. Бірінші сабак басталғанынан төртінші сабак аяқталғанға дейін қанша уақыт өтеді?

### Күнтізбе

1. а) Бір жылда неше мезгіл бар? Олардың атын айт.  
ә) Әрбір мезгілдің айларының атын айт.  
б) Бір жыл неше айдан тұрады?  
в) Бір аптада неше күн бар? Аптаның әрбір күнінің атын айт.
2. а) 2 жыл неше ай? 3 жыл ше? 5 жыл ше?  
ә) 3 апта неше күн? 8 апта ше?
3. Күнтізбе арқылы әрбір мезгіл неше тәуліктен тұратынын тап. Мезгілдердегі тәуліктер санын қосу арқылы 1 жылда неше күн бар екендігін тап.



## Құнтізбе – күн, апта, ай, жыл аралықтарын есептеу кестесі.

4. Өрнек құрастыр және берілген әріптердің мәніне негізделіп өрнектің мәнін тап.  
Көп қабатты үйдің 3 дәліз жолында п пәтер бар.  
Бұл үйдің 7 дәліз жолында неше пәтер бар?  
( $n = 54$ )
5. Шавкат 24 февральда туылған. Ол жаңа жыл басталғанынан неше күн кейін туылған?
6. Бүгін сәрсенбі. Төмендегілер аптаның қайсы күні болатынын құнтізбе көмегімен тап.  
а) 12 күн алдын?    б) 32 күн алдын?  
ә) 21 күннен соң?    в) 38 күннен соң?
7. Оқу жылдарының үшінші ширегі 11 январьдан 20 марта дейін жалғасады. Үшінші ширек неше тәуліктен тұрады?



### Бұрыш градусы

Бұрыштардың өлшем бірлігі – градус. Бұрыштарды өлшеу үшін транспортирден пайдаланылады. Қысқаша жазуларда, мысалы «30 градус» –  $30^\circ$  көріністе өрнектеледі.



**Жазық бұрыш  $180^\circ$ -қа тең. Тік бұрыш  $90^\circ$ -қа тең. Сүйір бұрыштар  $90^\circ$ -дан кіші болады.  $90^\circ$ -дан  $180^\circ$ -қа дейін бұрыштар додал бұрыштар болып табылады.**

сүйір



тік



доғал



1.  $AB$  және  $CD$  кесінділе-  
рінің қиылсызынан жа-  
салған бұрыштарды  
өлше.
- а) Қайсы бұрыштар  
тең?  
ә) Қайсы бұрыштар қосындысы жазық бұрыш жа-  
сайды?
2. Хайуанат бағына екі күнде 210 оқушы алып ба-  
рылды. Бірінші күні 4, екінші күні 3 бірдей топ  
барды. Хайуанат бағына әрбір күнде нешеуден  
оқушы барған?
3.  $LOK$ ,  $NOD$ ,  $AOS$ ,  $BOD$ , бұрыштарды транспортиру-  
мегінде өлше. Қайсы бұрыш жазық бұрыш?



4. Үшбұрыш сыйып, оның бұрыштарын өлше. Үш  
бұрыш қосындысын тап. Қорытынды шығар.
5. Бір тәуліктің барысында сағаттың минут тілі сағат  
тілімен неше рет беттесіп түседі? Неше рет өзара  
тік бұрыш жасайды?



6. Үшбұрыш сый: біріншісі  $90^\circ$ -қа тең, екіншісі одан  
 $40^\circ$  кем, ал үшіншісі  $40^\circ$  үлкен болсын. Әрбір  
бұрыш түрін жаз.
7. а) Үй есіктерінен бірінің биіктігі 2 м 40 см, ені 80  
см, екінші есіктің биіктігі 2 м 60 см, ені 70 см-ге


тең. Есіктердің ауданын квадрат дециметр есебінде анықта. Қайсы есіктің ауданы үлкен?



ә) Бөлме есігінің ауданын анықта.

1.  $\angle AOD = 88^\circ$ ;  $\angle COB = 40^\circ$ -

қа тең. Бұрыш  $\angle DOC$  неше градус екендігін тап. Жазық бұрышты көрсет.




2.  $\angle ABC = 140^\circ$  болған бұрыш сыз.

а)  $\angle ABD = \angle DBC = 70^\circ$ -қа тең сәуле жүргіз;  
ә) әрбір бұрыш түрін айт.

3.  $ABCD$  төртбұрыштарды өлше.

а)  $\angle A$  және  $\angle C$ ;  $\angle B$  және  $\angle D$ ;  $\angle A$  және  $\angle B$ ;  $\angle D$  және  $\angle C$  бұрыштарды салыстыр;

ә)  $ABCD$  төртбұрыш бұрыштарын градус есебінде өлшеп, олардың қосындысын тап.



4. Тендеулерді шеш:

$$6 \cdot x = 72 \cdot 3$$

$$x - 210 = 50 \cdot 6$$

$$430 - x = 170 - 40$$

$$246 + 28 = x - 49$$

5. Сағат пен минуттарда өрнекте: 80 минут, 100 минут, 120 минут, 160 минут, 200 минут, 250 минут, 500 минут.

6. 10 таяқшадан неше түрлі тік төртбұрыш жасай аласың?



**7.**

$$238 + 462 : 2$$

$$824 - 963 : 3$$

$$936 : 6 + 445$$

$$684 : 2 - 278$$


$$848 : 4 + 426 : 2$$

$$888 : 8 - 666 : 6$$

**8.**

Минут тілдері айнаналатын шеңбер 60 тең бөлікке бөлінген. Егер бүтін шеңбер  $360^\circ$ -қа тең болса, әрбір бөліндінің арасы неше градусқа тең?

- Сағат тілдері айланатын шеңбер 12 бөлікке бөлінген. Егер бүтін шеңбер  $360^\circ$ -қа тең болса, әрбір бөліндінің арасы неше градусқа тең? 
- Сағат уақыт алты болғандығын көрсетіп тұр. Сағат тілдері арасындағы бұрыш неше градусқа тең? Уақыт үш болғанда ше?
- Әрбір тік төртбұрыштың ауданын тап.



- Сағаттың минуттар тілі 15 минут барысында неше градус бұрышқа бұрылады? 30 минутта ше?
- Зафар үйдің айналасындағы ағаштарды әкпен ақтауға ата-анасына жәрдем берді. Ол 1 сағатта 5 ағашты ақтады. Зафар 1 ағашты ақтауға қанша уақыт жұмсаған?
- Курант сағатының соғуы сағат неше болса, сонша рет соғады. Біртәулікте курант сағаты неше рет соғады? 



**7.**

Бағбан бақ орнату үшін бір сағатта 10 түптен шие көшетін екті. Егер күніне 8 сағат осылай жұмыс істесе, 240 көшетті неше күнде егіп болады?

**8.**


Минуттарда өрнекте: 1 сағат 20 минут, 3 сағат 20 минут, 6 сағат 50 минут, 10 сағат 30 минут.

### Шеңберлі диаграммалар

- Ауланың ширек бөлігіне ғимарат құрылды. Жартысына егін егілді. Қалған бөлігі балалар ойнайтын аула үшін қалдырылды. Аула алаңының бөлінуін шеңберлі диаграммада бейнеле.

#### **Шешуі:**

Шеңбер сзызып, ғимарат орнаған ширек бөлігі сарыға, егін егілген жартысы көк реңге боялады. Ал боялмаған бөлігі балалар ойнайтын ауланы сипаттайды.



- 3-«В» сыныпта 32 оқушы оқиды. Олардан  $\frac{3}{4}$  бөлігі Республика балалар кітапханасына мүше болған. Неше оқушы балалар кітапханасына мүше болды? Мәселенің шешуін шеңберлі диаграммада өрнекте.
- Шеңберлі диаграммада бір жыл барысында мезгілдердің бөлінуін бейнеле. Әрбір мезгілдің реңін бөлек реңдерде көрсет.
- Пән олимпиадасына дайындық көру үшін 60 есеп таңдал алынды. Мубина бүл есептердің жарты-

сын, ал Әлімжан төрттен үш бөлігін шешіп болды. Кім көп есеп шешкен және нешеу көп?

- 5.** Метрлерде өрнекте:

$$\frac{1}{2} \text{ км}; \frac{1}{4} \text{ км}; \frac{1}{5} \text{ км}, \frac{3}{4} \text{ км}; \frac{1}{10} \text{ км}$$

- 6.** Бір таяқшаның орнын өзгертіп, дұрыс тендеу құрастыр.



$$8 + 1 = 6$$

- 7.** Бөліндіні бөлшек көрінісінде жаз және бірдей бөлгішті бөлшектерді салыстыры:

$$\begin{array}{lll} 52 : 4 & 128 : 8 & 360 : 6 \\ 44 : 4 & 200 : 8 & 420 : 6 \end{array} \quad \begin{array}{lll} 375 : 15 & & \\ 390 : 15 & & \end{array}$$

**Үлгі:**  $52 : 4 = \frac{52}{4}; \quad 44 : 4 = \frac{44}{4}; \quad \frac{52}{4} > \frac{44}{4}$

- 8.** Кәсіпорын бір айда 4800 деталь жасап шығарды. Бірінші он күндікте жалпы детальдардың үштен бір бөлігі, екінші он күндікте алтыдан екі бөлігі жасап шығарылды. Қайсы он күндікте көп деталь жасап шығарылған?



### Ондық бөлшектер

- 1.** Бөлгіші  $10, 100, \dots$  болған  $\frac{1}{10}, \frac{7}{10}, \frac{49}{10}, \frac{2}{100}, \frac{66}{100}$

сияқты бөлшектерді бөлшек сыйзуынсыз жазу мүмкін.

Мысалы:  $5 \frac{6}{10}$  көрініндегі аралас саның бүтін бөлігі 5, бөлшек бөлігі  $\frac{6}{10}$ -ға тең болып,  $5,6$  көріністе

жазылады да «бес бүтін оннан алты» деп оқылады.

5,6 ондық бөлшек  $5 \frac{6}{10}$  аралас санның ондық көрінісіндеңегі өрнегі немесе «ондық бөлшек» деп аталады.

$$\frac{1}{10} = 0,1$$

1            1  
нөл        цифр

$$\frac{596}{100} = 5 \frac{96}{100} = 5,96$$

бүтін бөлігі  
бөлшек  
бөлігі

2 нөл      2 цифр

 **Ондық бөлшекті жазу үшін алдың бүтін бөлігі, соң үтір қойып бөлшектің алымы жазылады.**

2.  $\frac{6}{10}$  дұрыс бөлшекті ондық бөлшек көрінісінде жаз.

Егер бөлшек дұрыс бөлшек болса, оны ондық бөлшек көрінісінде жазуда бүтін бөлігі 0 деп алынаады да үтір жәрдемінде бөлшегінен ажыратып жазылады.

$$\frac{6}{10} = 0,6; \quad \frac{7}{10} = 0,7; \quad \frac{65}{100} = 0,65$$

3. а) 7 дм 4 см-ді дециметрде өрнекте.

**Шешуи:**  $1 \text{ см} = \frac{1}{10} \text{ дм}$ , демек,  $4 \text{ см} = \frac{4}{10} \text{ дм}$ .

$$7 \text{ дм } 4 \text{ см} = 7 \frac{4}{10} \text{ дм} = 7,4 \text{ дм.}$$

Үтірдің сол жағындағы 7 – бүтін дм-лер санын, үтірдің оң жағында түрған 4 – дециметрдің оннан бір бөлігіндегі үлестері санын сипаттайды.

ә) дециметрде өрнекте:

$$4 \text{ дм } 5 \text{ см}; 2 \text{ дм } 8 \text{ см}; 1 \text{ дм } 9 \text{ см}; 3 \text{ дм } 6 \text{ см}.$$

4. Сурет негізінде есеп құрастыр және оны шеш:

Бар еді	Сатылды	Қалды
		
5212 кг	? кг	Сегізден бірі

5. Дұрыс бөлшектерді ондық бөлшек көрінісінде өрнекте:

$$\frac{3}{10}; \quad \frac{5}{10}; \quad \frac{9}{10}; \quad \frac{4}{10}; \quad \frac{1}{10}$$

6.



Ұзындығы 10 см болған кесінді сыз және 10 бөлікке бөл. 2 бөлігін боя да боялған бөлігін алдын жай бөлшек, кейін ондық бөлшек көрінісінде өрнекте.

7.

Дұрыс бөлшектерді ондық бөлшек көрінісінде жаз:



$$\frac{1}{10}; \quad \frac{7}{10}; \quad \frac{2}{10}; \quad \frac{4}{10}; \quad \frac{8}{10}$$

1. а)  $\frac{49}{10}$  дұрыс бөлшекті ондық бөлшек көрінісінде жаз.

**Шешуі:**  $\frac{49}{10}$  бөлшектің бөлгішіндегі нөлдер саны біреу. Соның үшін, алымындағы цифrlарды оннан солға қарай біреу санап, үтір қоясыз. 4,9. Жасалған ондық бөлшекте 4 цифры бөлшектің бүтін бөлігі, үтірден кейін тұрған цифр – 9 оның бөлшек бөлігі:

$$\frac{49}{10} = 4,9.$$

ә)  $\frac{5}{100}$  бөлшекті ондық бөлшек көрінісінде жаз.

**Шешуи:**  $\frac{5}{100}$ -тің бөлшегіндегі нөлдер саны екеу.

Соның үшін алымындағы цифрларды оңнан солға қарай екі санап, үтір қойылады. 5 цифры алдында басқа цифр болмағандығы себепті нөл жазылады.

**Жауабы:**  $\frac{5}{100} = 0,05$


 Егер дұрыс бөлшек бөлгішіндегі нөлдер саны алымындағы цифрлар санынан көп болса, жетпей тұрған орындарға нөл қою керек.

2. Дұрыс бөлшекті ондық бөлшек көрінісінде жаз:

$$\frac{2}{100}; \quad \frac{8}{100}; \quad \frac{64}{100}; \quad \frac{99}{100}$$

3.  $568 : 4$        $405 : 5$        $3729 : 3$        $5808 : 4$   
 $656 : 8$        $564 : 4$        $4950 : 2$        $6508 : 4$

4. Кесіндінің жалпы ұзындығын тап:



5. Төмендегі сандардың бүтін және бөлшек бөліктерін көрсет:

$$2,4; \quad 5,7; \quad 0,81; \quad 7,09; \quad 0,16; \quad 12,2$$

6. Ондық бөлшек көрінісінде жаз:

$$\frac{1}{10}; \quad \frac{2}{10}; \quad \frac{5}{10}; \quad \frac{6}{10}; \quad \frac{7}{100}; \quad \frac{9}{100}; \quad \frac{3}{100}$$

- 7.** Саяхатшы жолдың  $\frac{1}{10}$  бөлігін жаяу, қалғанын автокөлікте басып өтті. Жалпы жолдың ұзындығы 810 км болса, саяхатшы неше км жаяу жүрген?



### **Ондық бөлшектерді жай бөлшек көрінісінде өрнектеу**

- 1.** Метрлерде өрнекте:

35 дм; 76 дм; 4 дм; 36 см; 14 дм, 23 дм

**Шешуі:** 1 дм =  $\frac{1}{10}$  м. **Демек**, 35 дм =  $\frac{35}{10}$  м

- 2.** Дүкеннен 1 кг 500 г ірімшік және одан 300 г кем сары май сатып алышы. Дүкеннен барлығы болып қанша өнім сатып алынған?

- 3.** Жай бөлшек көрінісінде жаз:

0,3; 0,7; 0,1; 1,7; 4,2; 7,6

**Шешуі:**  $\frac{3}{10} = 0,3$ . **Демек**,  $0,3 = \frac{3}{10}$

- 4.** Тік төртбұрыш 10 тең бөлікке бөлініп, оның 3 бөлігі боялды. Төртбұрыштың неше бөлегі мен қанша бөлігі боялмай қалды? Жауапты жай және ондық бөлшек көрінісінде жаз.



- 5.** Жарты сағат неше минут? Неше секунд? Ширек сағат ше?



- Жай бөлшек көрінісінде жаз:

0,2; 0,5; 0,1; 4,6; 9,8; 5,7



- Ондық бөлшек көрінісінде жаз:

$\frac{3}{10}$ ;  $\frac{4}{10}$ ;  $\frac{7}{10}$ ;  $\frac{9}{10}$ ;  $\frac{15}{10}$ ;  $\frac{15}{100}$

1. Самсаханада 10 кг ұннан 450 самса пісрілді. 25 кг ұннан неше самса даярлау мүмкін? Екі тәсілде шеш.
2. Ондық бөлшек көрінісінде жаз:  
Нөл бүтін оннан сегіз; бес бүтін оннан екі; он алты бүтін оннан бес; нөл бүтін оннан үш;
3. 2 жыл 4 ай + 4 жыл 5 ай – 1 жыл 6 ай – 1 жыл 5 ай  
7 жыл 5 ай – 6 жыл 5 ай 3 жыл 10 ай + 5 жыл 2 ай
4. Тен үйірлі, тен қабырғалы, түрлі қабырғалы үшбұрыштар сыйз.
5.  Үш құрбы — Азиза, Лазиза және Нафиса бір жылда, көктемде, жазда және күзде туылған. Азиза Лазизадан үлкен емес, Нафиса Азизадан үлкен емес. Қайсы қызы қайсы мезгілде туылған?
6.  Жай бөлшек көрінісінде жаз:  
а) алымы 3, бөлгіші 4; д) бөлгіші 10, алымы 9;  
д) алымы 7, бөлгіші 3; е) бөлгіші 12, алымы 5
7. Сызба негізінде есеп құрастыр және оны шеш:



1. 36 см-ді метрлерде өрнектеп, ондық бөлшек көрінісінде жаз.


**Шешүүші:**  $1 \text{ см} = \frac{1}{100} \text{ м}$ , демек,  $36 \text{ см} = \frac{36}{100} \text{ м} = 0,36 \text{ м.}$

**Жауабы:**  $36 \text{ см} = 0,36 \text{ м.}$

2. 45 см; 56 см; 76 см; 84 см-ді метрлерде өрнекте.
3. Бөлшектерді оқы және жай бөлшек көрінісінде жаз: 0,34; 0,5; 0,17; 0,26; 0,04; 4,48.  
**Үлгі:** 0,34 – нөл бүтін жүзден отыз төрт:  $\frac{34}{100}$
4. Сандар осінде  $O$ ,  $D$  және  $K$  нүктелерге сәйкес келетін сандарды айт.  
Ондық бөлшек көрінісінде жаз.



5. Жемістер салмағын кг-да өрнекте.



6. Баспаханада 1640 оқулық басылды. Бұл тапсырыстың  $\frac{1}{6}$  бөлігін құрайды. Жалпы қанша оқулық басылу керек.
7. Ондық бөлшек көрінісінде жаз: 3 бүтін оннан 3; нөл бүтін оннан 7; нөл бүтін жүзден 54; 6 бүтін жүзден 36; 1 бүтін жүзден 8; 57 бүтін оннан 8; 2 бүтін жүзден 28; 5 бүтін жүзден 6.



1. Төмендегі бұрыс бөлшектерді аралас сан көрінісінде өрнекте:

$$\frac{9}{4}; \quad \frac{17}{6}; \quad \frac{39}{12}; \quad \frac{54}{4}$$

2. Бөліндіні ондық бөлшек көрінісінде жаз:

Жиырма бес бөлінген он; елу алты бөлінген он; Бір жүз отыз үш бөлінген он; бес жүз сексен бөлінген жүз.

**Үлгі:**  $25:10 = \frac{25}{10} = 2 \frac{5}{10} = 2,5$

3. Төмендегі сандарды жай және ондық бөлшек көрінісінде жаз: оннан жеті; үш бүтін жүзден жиырма төрт.
4. Сынық сызық ұзындығын тап және миллиметрде өрнекте:



5. Ахрор, Сәбит, Амина және Мастуралар жалпы 5 дәптер сатып алды. Олардан әрқайсысы кемінде біреуден алған болса, олардағы дәптерлер неше варианта бөлінуі мүмкін? Кестені толтыр:

	Ахрор	Сәбит	Амина	Мастура
1	2	1	1	1
2				
3				
4				

6. Егістен бір күнде 735 кг құлпынай теріп алынды. Олардан 535 кг шырын даярлау үшін жіберілді.



7.

Қалғаны дүкендерге 8 кг-нан жәшіктеге салып тапсырылды. Қанша жәшік құлпынай дүкендерге тапсырылған?

Метрлерде өрнектеп, ондық бөлшек көрінісінде жаз: 18 см; 27 дм; 86 дм 2 см; 6 см; 18 см.

### **Ондық бөлшектерді салыстыру мен реттеу**

Ондық санақ жүйесінде әрбір таңба бірліктері өзінен кейінгі таңба бірліктерінен 10 есе кіші болып табылады. Ондық бөлшектердің де үтірден кейінгі 1-таңбасы бірлер таңбасынан 10 есе кіші, ал үтірден кейінгі 2-таңбасы бірлер таңбасынан 100 есе кіші.



**Ондық бөлшектерді салыстыру натурал сандарды салыстыру сынды асырылады.**

Мысалы, 3,28 ондық бөлшек 3,38 ондық бөлшектен кіші.

**1.** Екі бөлшекті сандар осінде салыстыр:

$$\begin{array}{lll} > \quad 0,8 \square 0,7 & 0,3 \square 0,1 & 1,47 \square 1,48 \\ = \quad 0,9 \square 0,8 & 0,8 \square 0,8 & 2,69 \square 2,71 \end{array}$$

**2.** Жұлдызшалар орнына қандай цифрлар қойылса теңсіздік дұрыс болады?

$$\begin{array}{lll} 0,*6 > 0,77 & 2,*1 < 2,41 & 0,71 < 0,7* \\ 5,8* > 5,86 & 2,53 < 2,*3 & 0,1* > 0,15 \end{array}$$

**3.** 6,76 және 6,81 сандары арасында орналасқан бөлгіші 100 болған ондық бөлшектерді жаз.

**4.** Ондық бөлшек көрінісінде жаз:

$$\frac{71}{10}; \quad \frac{492}{100}; \quad \frac{348}{10}; \quad \frac{18}{100}; \quad \frac{19}{100}$$

**5.** Жұлдызшалар орнына қандай цифрлар қойылса тендеу мен теңсіздіктер дұрыс болады?



$$56,* = 56,4 \quad 7,5^* < 7,53 \quad 2,34 > 2,*4 \\ 12,* \leq 12,4 \quad 26,* \geq 26,7 \quad 9,57 \leq 9,5^*$$

**6.** Дұрыс бөлшектерді ондық бөлшек көрінісінде жаз:



$$\frac{7}{10}; \quad \frac{9}{100}; \quad \frac{36}{100}; \quad \frac{1}{10}; \quad \frac{9}{10}$$



Дүкенге 310 тұқы балық пен 370 ханбалық әкелінді. Әр күні 150-ден балық сатылса, 3 күннен кейін неше балық қалады?


**1.** Ондық бөлшектерді жай бөлшек көрінісінде өрнекте:

$$4,4; \quad 0,7; \quad 0,58; \quad 33,8; \quad 0,9; \quad 6,2$$

**2.** Төмендегі сандардың қайсысы 6-дан үлкен және 7-ден кіші?

$$6,7; \quad 7,2; \quad 5,9; \quad 6,2; \quad 6,17; \quad 7,1; \quad 6,9; \quad 5,8$$

**3.**  $x=2463$ ,  $z=654$  болғанда жалпы кірпіштер санын есеп құрастырып тап.



**5.** Екі ондық бөлшек арасында орналасқан барлық бүтін сандарды өсу тәртібінде жаз.



а) 0,5 және 6,3; ә) 4,1 және 8,9; б) 0,15 және 4,89

**6.** Сандар осінде тәмендегі сандарға сәйкес нүктелерді белгіле: 0,2; 0,9; 1,1; 1,7



**7.** Бақшадан жалпы 3240 кг шалғам, қияр және сәбіз



алынды. Қияр өнімнің  $\frac{1}{4}$  бөлігін, шалғам  $\frac{1}{4}$  бөлігін, ал сәбіз  $\frac{2}{4}$  бөлігін құраса, әрбір көкөністен неше килограмнан алынған?

**1.** Тендеу дұрыс болуы үшін жұлдызыша орнына ондық бөлшек жаз::

$$1 \text{ мм} = * \text{ см} \quad 1 \text{ дм} = * \text{ м}$$

$$1 \text{ см} = * \text{ дм} \quad 1 \text{ см} = * \text{ м}$$

**2.** Тендеу дұрыс болуы үшін жұлдызыша орнына қандай цифрлар қою керек?

$$\frac{21}{100} = 0, * \quad \frac{36}{100} = 0, * \quad \frac{16}{*} = 0,16$$

$$\frac{*}{100} = 0,75 \quad 4,98 = 4 \frac{98}{*}$$

**3.** Ондық бөлшекті оқы және осу тәртібінде орналастыр: 0,8    0,3    1,4    0,4    7,4    3,8


**4.** Кестені талда. Әрбір жемістен қанша әкелінген? Нәкten жүзім неше кг көп? Сатылғанына қарағанда қалған алхоры неше есе кем?

Жемістер	Алма	Нәк	Алхоры	Шабдалы	Жүзім
Сатылды	1600 кг	640 кг	540 кг	320 кг	1250 кг
Қалды	120 кг	360 кг	180 кг	160 кг	200 кг

5. 12 таяқшадан неше түрлі тік төртбұрыш жасай аласың?



6. Сызба негізінде есеп құрастыр және оны шеш:



7. Есепте және бөлуді көбейтумен тексер:



$$574 : 2 \quad 588 : 3 \quad 7815 : 5 \quad 7208 : 8$$

1. Кесінді ұзындығын метрлерде өрнектеп, ондық бөлшек көрінісінде жаз:

70 см; 28 см; 36 см; 80 см; 30 см; 2 дм; 6 дм 9 см.

**Үлгі:**  $70 \text{ см} = \frac{70}{100} \text{ м} = 0,7 \text{ м}$

2. Ондық бөлшек көрінісінде жазып, азайту тәртібінде орналастыр:

$$\frac{1}{10}; \quad \frac{2}{10}; \quad \frac{5}{10}; \quad \frac{6}{10}; \quad \frac{8}{10}; \quad \frac{9}{10}$$

3. Өрнектерді жаз:

- а) 354 санына 426 және 6 сандарының бөліндісін қос.
- ә) бірінші қосылғыш  $a$ , ал екінші қосылғыш  $b$  және 6 сандарының көбейтіндісіне тең.
- б) бірінші көбейткіш  $x$ , екінші көбейткіш 7 мен у сандарының көбейтіндісіне тең.

4. Шеңбер 4 тең бөліктерге бөлініп, әрбір бөлік және 3 тең бөліктерге бөлінді. Шеңбер неше бөлікке бөлінді? Мұндай бөліктерден нешеуі:


бүтін шеңбер;  $\frac{1}{2}$  шеңбер;  $\frac{3}{4}$  шеңберді құрайды?

5. Формадағы таяқшалардан екеуін алып тас-



тап, квадраттар саны 2-еу болып қалсын.

Мұны неше тәсілде амалға асыру мүмкін?



- 6.



Метрлерде өрнекте: 1 км 600 м; 3 км 650 м; 10 км 500 м; 2 км 150 м.



- 7.




120 кг жүзімнен 30 кг мейіз алынады. 1 кг мейіз алу үшін неше килограмм жүзім керек? 200 кг жүзімнен неше килограмм мейіз алынады?

### Формаларды бұры

1. Шеңбердің ішіне күкірт таяқшасын орналастырып, шеңбер орталығы айналасында айналдыр. Айналу бұрышы  $90^\circ$ ,  $180^\circ$  пен  $270^\circ$  болғанда, таяқшаның жағдайын сыз. Мұнда таяқшаның формасы өзгерmedі, тек шеңбердегі орналасуы өзгеріп, орталыққа қарағанда симметриялық орналасты.



2. Сағат тілі әрбір қадамда дөңгелектің ширек бөлігіне бұрылса, нәтижеде қайсы кезектілік пайда болады? Төрт топтан қайсысында дұрыс көрсетілген?




3. Уақыт 12-00 екендігін көрсеткен сағаттың минут тілдері 60 градусқа бұрылса, сағат неше болған болады? Сағат тілдері  $180^\circ$ -қа бұрылса ше?
4. Суреттегі шеңбердің орталығынан ұстап неше градусқа бұрылса, тағы бетпе-бет түсетең сурет жасалады?
- 5.
- а) Қандай екі санның көбейтіндісі олардың қосындысына тең?
  - ә) Қандай екі санның қосындысы олардың айырмасына тең?
  - б) Қандай екі санның көбейтіндісі олардың бөліндісіне тең?



- 6.
- Тендеулерді шеш және жауаптарын тексер:
- $$\begin{array}{ll} x - 2461 = 5364 - 1681 & 2356 + x = 3537 + 269 \\ 6271 - x = 2347 + 257 & x - 356 = 456 + 168 \end{array}$$




- 7.
- Секундтарда өрнекте: 1 мин 40 с; 2 мин 8 с; 3 мин 20 с; 4 мин 10 с; 5 мин 50 с; 6 мин 40 с  
Үлгі:  $1 \text{ мин } 40 \text{ с} = 60 \text{ с} + 40 \text{ с} = 100 \text{ с}$ .



### Бұрыш симметриясы


1. Сызбаны сыз. Симметрия осін жүргіз. Бұл форма шеңбер орталығына қарағанда неше градусқа бұрылса, тағы өз қалпына қайтады?




- 2.** Карточкалардың ішінен екі бірдейлікті тап.



- 3.**  $ABCD$  және  $BKLC$  төртбұрыштардың ауданын торкөздер есебінен тап.  $DB$  кесінді жүргізілген соң, жасалған  $ABD$  және  $DBC$  үшбұрыштар аудандарын салыстыр.



- 4.** Оң жақтағы сурет сыйылған қағазды сол жағы арқылы теріс аударылды, соң жоғары жағынан теріс аударылды. Нәтижеде қайсы сурет жасалды?



- 5.** Көбейту амалы қандай орындалғанын түсіндір және есептерді шеш:

$$\begin{array}{l} 1) 25 \cdot 47 \cdot 4 = 25 \cdot 4 \cdot 47 = 100 \cdot 47 = 4700; \\ 2) 7 \cdot 50 \cdot 6 \cdot 2 = (7 \cdot 6) \cdot (50 \cdot 2) = 42 \cdot 100 = 4200 \\ 42 \cdot 6 \cdot 5 \qquad\qquad 80 \cdot 20 \cdot 5 \qquad\qquad 2 \cdot 5 \cdot 45 \cdot 4 \\ 50 \cdot 7 \cdot 4 \qquad\qquad 25 \cdot 90 \cdot 4 \qquad\qquad 9 \cdot 4 \cdot 50 \cdot 2 \end{array}$$

- 6.** Әрбір қалташаға 6-дан, әрбір қорапқа 5-еуден алма салынды. Барлық алмалар саны 27 болса, неше қалташа мен неше қорапқа алма салынған? Барлық алмалар саны 34 болса ше?

- 7.** Сен сабак дайындауға қанша уақыт жұмсадың? Бұл уақытта сағаттың минут тілдері неше градусқа бұрылды?



**8.** Тауға шығуға 2 сағат 45 минут, таудан тұсуге 1 сағат 35 минут жұмсалды. Бұл саяхат үшін жалпы қанша уақыт жұмсалды?

- Сағаттың минуттар тілі  $90^\circ$ -қа бұрылуы үшін неше минут керек болады?  $180^\circ$  үшін ше?
- Сағаттың минут тілдері бір рет толық айналуы үшін  $360^\circ$ -қа бұрылса, бүтін дөңгелектің:  $\frac{1}{3} ; \frac{5}{6} ; \frac{1}{12}$  бөліктеріне жетіп бару үшін неше градусқа бұрылуы керек?
- Тендеу дұрыс болуы үшін х-тің орнына қандай сан қойылады?
  - $x \cdot (100 - x) = 0$
  - $(a-x) \cdot (x-b) = 0$
  - $(x-200) \cdot (300-x) = 0$
  - $(600-x) \cdot (x-200) = 0$
- Суретте жаттығудың басталған және аяқталған уақыты көрсетілген. Жаттығу қанша уақыт жалғасқанын тап.



**5.** Екі таяқшаның орнын өзгертіп, дұрыс тендеу құрастыр.

$$2 - 7 = 2$$

**6.** Тендеулерді шеш және оның жауаптарын тексер:

$$\begin{array}{lll} 5 \cdot x = 250 & x \cdot 6 = 6720 & 8 \cdot x = 9032 \\ x \cdot 7 = 420 & 9 \cdot x = 8199 & x \cdot 9 = 6948 \end{array}$$

**7.** Кесіпорында 2 күнде 1424 ойыншық даярланды. Әр күні бір түрде даярланса, 3 күнде қанша ойыншық даярланады?




## Кеңістікті фигура – пирамида


- 1.** Кеңістікті фигураларды еске түсір:



- 2.** а) картон қағаздан тең қабырғалы үшбұрыш қырқып алып және оны бүктеп үшбұрышты пирамида жаса:  
ә) картон қағазда сыйзбадағы сияқты форма сызып, оны кесіп ал. Сынық сызық бойынша бүктеп, төртбұрышты пирамида жаса:



- 3.** Қадақталған шайдың салмағы қорабымен бірге 130 г. 38 қораптағы шайдың салмағы 3800 г болса, жалпы қораптар салмағын тап.
- 4.** Пирамиданың төбесі мен жақтарының орналасуын талда. Ең жоғарыда пирамиданың төбесі орналасқан. Пирамида бүйір қабырғалары үш бұрыштардан, ал астыңғы бөлігі көпбұрыштан құралып,




табаны деп аталады. Табанындағы бұрыштар саны нешеу болса, сонша бұрышты пирамида деп аталады.

- 5.** Ағаш үстасында 9 ағаш тақта бар еді. Ол бірнеше тақтаның әрқайсысын 5 бөлікке бөліп аралады. Сонда онда тақталар саны 33 болып қалды. Ағаш үстасы неше тақтаны бөліктеге бөліп аралады?

- 6.** Өлшем мәндерін миллиметрде өрнекте:


1 см 4 мм	4 см 6 мм	7 см 8 мм
2 см 8 мм	5 см 3 мм	8 см 1 мм

- 7.** Егер 1 минутта 80 м жол жүрілсе, бақтың айналасын неше минутта айланып шығу мүмкін?




### Кеңістікті фигура – конус


- 1.** Үшбұрыштың тік бұрышты қабырғасы айналасында айлануы нәтижесінде конус жасалады.



- 2.** Конус сыйбасын талда. Конус табаны шенберден тұрады. Оның радиусы үшбұрыштың тік бұрышты қабырғаларынан біріне тең.




- 3.** Қабырғасы 2 м болған квадрат формасындағы әуіз айналасына ені 2 м болған жол жасалды. Оған ауданы 1 м<sup>2</sup> болған плиткалар жатқызылды. Мұның үшін неше плитка пайдаланған?



**4.**  $1368 \cdot 3$        $746 \cdot 12$   
 $4638 \cdot 2$        $17 \cdot 257$

- 5.** Юсуф тәжірибе өткізу үшін үлкен ыдыстағы сұйықтықты 10 ыдысқа құйды. Бір ыдыстағы сұйықтықты тағы 10 ыдысқа құйды. Соң 2 ыдыстағы сұйықтықтың әрқайсысын 10-дан ыдысқа құйды. Нәтижеде неше ыдыста сұйықтық бар? Сыйбасы жалғастыр және мәселенің шешуін түсіндір:



- 6.** Сантиметрлерде өрнекте:



$\frac{1}{2} \text{ м}; \quad \frac{3}{10} \text{ м}; \quad \frac{1}{5} \text{ м}; \quad \frac{7}{10} \text{ м}; \quad \frac{1}{10} \text{ м}$

- 7.** Бидай диірменде түйілгенде салмағының  $\frac{3}{4}$  бөлігіне тең үн жасалады. 900 кг үн жасау үшін қанша бидай түйілуі керек?



## Мәліметтерді түрлі көріністе өрнектеу

- 1.** Кестені толтыр:

Көбейткіш	101		4	120		287
Көбейткіш	9	200		50	3	
Көбейтінді		200	888		333	8323

- 2.** Фермер қожалығында 612 ң бидай орып алынды. Бұл арпаның  $\frac{3}{4}$  бөлігін, сұлымның  $\frac{1}{3}$  бөлігін құрайды.  
Фермер шаруашылығында барлығы болып қанша өнім жинап алынған?
- 3.** Өрнектерді жазып, оның мәнін тап:
- а) 468 және 9 сандары бөліндісін 7 есе асыр;
  - ә) 219 және 87 сандары қосындысын 2 есе кемейт;
  - б) 859 және 3740 және 870 сандары айырмасын қос.
- 4.** Ұзындығы 12 см болған АВ кесінді сыз және онда D, E, F нүктелерін белгіле, нәтижеде жасалған AD, DE, EF, FB кесінділердің ұзындығы өзара тең болсын.
- 5.** Квадратты 4 үшбұрышқа және 1 квадратқа ажыратып қырқып ал. Бұл бөліктерден үш квадрат жаса.

- 6.** Кестені толтыр:

Бөлінгіш	1280		4400	7930		8722
Бөлүші	20	80		65	48	
Бөлінді		8	22		164	14

- 7.** Фермер шаруашылығында 14 жұмысшы 102 кг-нан құлпынаid теріп, 12 кг-нан етіп жәшіктерге жайластырды. Барлық құлпынаid неше жәшікке жайланған.



1.  $\partial : c$  өріпті өрнектің мәнін тап.

$$\partial = 3085 \quad c = 5$$

$$\partial = 4270 \quad c = 7$$

$$\partial = 8652 \quad c = 6$$

2. Қабырғасы 4 см 5 мм болған квадрат сыз.

Қарама-қарсы бұрыштарды үштастыруши кесінді жүргіз. Қайсы түрдегі үшбұрыштар жасалды? Квадраттың ауданын тап.


3. Жақшалы өрнектердегі амалдарды орында:.

$$(3378 - 2154) : 3 \cdot 2 \quad 4242 : (7 \cdot 3) + 1459$$

$$9321 - 12 \cdot (1836 : 6) \quad 2758 + (8921 - 8529) \cdot 3$$

4. Тік төртүрыш формасындағы мұз алаңының биіктігі 30 м және ені 60 м. Егер мұз даярлау үшін әрбір  $5 \text{ м}^2$ -қа 7 шелек су жұмсалса, бұл алаң үшін жалпы неше шелек су керек болады?

5. Берілген форманы екіге бөлгенде, жасалған формалар бірдей болсын.



$$6. \quad 570 : x + 297 = 354 \quad 3072 + c \cdot 8 = 3304.$$

7. Тауық фабрикасы дүкендерге 6000 дана жұмыртқа жеткізіп беру керек. Әрқайсысында 350 дана болған 10 жәшік және әрқайсысында 150 дана болған 4 жәшік жұмыртқа жіберілді. Дүкенге тағы қанша жұмыртқа жіберілуі керек?



### Тендеуге алып келінетін мәселелер

1. Екі қаладан бір-біріне қарап жолға шыққан автотөліктердің біріншісі 324 км, екіншісі одан 126 км

көп жол жүрді. Екі қала арасындағы арақашықтық 1211 км болса, олардың арасында неше км жол қалды? Мәселенің шешуін тендеу құру арқылы шеш.

- 2.**  $1971 + x : 7 = 2129$        $1224 - x : 6 = 859$
- 3.** Бақшадан терілген а кг қиярдың 235 килограмы тұздалды. Қалған қияр b кг-нан жәшіктеге салынды. Осы мәліметтер негізінде әріпті өрнектер құра.
- 4.** Күнтізбені талда. Қайсы күндер ажыратып көрсетілген? Жексенбіден тыс ажыратып көрсетілген мейрамдардың атын айт.
- 5.**
  - a)  $x + 12 = x + x + x + x + x$  тендеудегі x белгісіне қайсы сан жасырынған?
  - ә)  $x + 12 = x + x + x + x$  тендеудегі x белгісіне қайсы сан жасырынған?

**6.**

Тендеулерді шеш:

$$\begin{array}{lll} x : 3 = 192 & x : 5 = 143 & x : 8 = 111 \\ 531 : x = 3 & 995 : x = 5 & 567 : x = 9 \end{array}$$

**7.**


Оқушылар сыйлықтарды байлау үшін 4 м 50 см таспа сатып алды. Егер әрбір сыйлық үшін 15 см таспа жұмсалса, неше сыйлық байланған?

**1.**

1 сағатта спортшы велосипедте 20 километр басып өтсе, 60 километр, 120 километр, 180 километр қашықтықты неше сағатта басып өтуі мүмкін?



2. Диаграммада жаңа құрылышп жатқан төрт ғимараттың биіктігі келтірілген. Әрбір ғимараттың биіктігін тап.




3. Қалдықты бөлуді орында және оның нәтижелерін текстер:

$$\begin{array}{lll} 2819 : 27 & 7831 : 32 & 3869 : 41 \\ 8341 : 12 & 3422 : 23 & 1849 : 24 \\ & & 4381 : 25 \end{array}$$

4. Салыстыр:

$$\begin{array}{ll} > & 8 \text{ м } 36 \text{ см} \square 837 \text{ см} \\ = & 6 \text{ т } 70 \text{ кг} \square 6500 \text{ кг} \end{array} \quad \begin{array}{ll} & 9400 \text{ м} \square 9 \text{ км } 400 \text{ м} \\ & 7800 \text{ кг} \square 8 \text{ т } 700 \text{ кг.} \end{array}$$

5. Алгоритмдер негізінде мәселе құрастыр және нәтижелерін салыстыр:



6.

Сурет негізінде есеп құрастыр және оны шеш:



7.

Әлішер Науай атындағы Өзбекстан Үлттық кітап-

ханасы 1890 жылы құрылған болса, оның 100 жылдығы қашан тойланған? 200 жылдығы қашан тойланады?




### **Екі адымды және екі амалды мәселелер**

1. а) Саяхатшылар жағалауды бойлап 708 м, орман аралап 326 м жол жүрді. Соң, осы екі жолға тең қашықтықтағы адырды басып өтті. Саяхатшылар жалпы қанша жол жүрген?  
ә) Саяхатшылар жағалауды бойлап 708 метр, орман аралап одан 3 есе кем қашықтықты басып өткен. Соң, осы екі жолға тең қашықтықты адырлар арқылы өтті. Саяхатшылар адырда қанша жол жүрген?  
1) а және ә мәселелердің шешуін табу үшін неше рет амалды орындадың?  
2) а және ә мәселелердің шешуін табу үшін қайсы амалдардан пайдаландың?
2.  $3870 : 43 \cdot 18$        $86 \cdot 74 + 680 : 40 \cdot 36$   
 $266 \cdot 29 : 38$        $4200 - (8460 : 90 + 354)$ .
3. Өрнектерді жаз:  
а) Көйлектің бағасы  $x$  сум, шалбар болса одан 4 есе қымбат. Шалбар мен көйлек бірге қанша сум?  
ә) Асқабақ массасы  $b$  кг, ал әңгелектікі одан 2 кг жenіл. Олдардың бірге қосылған салмағын тап.  
ә) Өуізге  $k$  литр, ал цистернаға одан 9 есе кем су сыйады. Өуіздің көлемі цистерна көлемінен қанша үлкен?

**Үлгі:**  $x + (x \cdot 4)$

4. Кесінділерді белгілеу үшін олардың екі шетіне A, B, C, D әріптерден бірі қойылады. Бұл әріптерден пайдаланып екі түрлі әріп қойылмаған неше кесінді жасау мүмкін?
5. Шар формасына ие болған предметтерді тап:



6.

> <  
=


$$5647 - 36 \cdot 14 \quad \square \quad 265 + 45 \cdot 35$$

$$3206 + 30 \cdot 81 \quad \square \quad 9806 - 57 \cdot 28$$

7.



Сызба негізінде үш мәселе құрастыр.



1. Орамда 180 м доғаба бар. Бірінші сатып алушыға оның жартысы, екіншісіне қалған доғабаның үштен бір бөлігі сатылды. Екінші сатып алушы неше метр доғаба астып алған?
2.  $216 \cdot 12 + 2856$        $105 \cdot 14 + 2485$   
 $24 \cdot 23 - 332$        $128 \cdot 12 - 566$
3. Бейнелеу өнері сабағында қылқаламмен істей алгоритмін жаса. Бұл алгоритмде қайсы амалдар

орындау тәртібін өзгерту мүмкін, қайсылары мүмкін емес?

- а) Қағазға сыйзу;
  - ә) Қылқаламды сияға батыру;
  - д) Арнаулы киім кию;
  - е) Бояулар ыдысын ашу;
  - ф) Қағазды үстелге орналастыру.
4. Тік тәртбұрыштың ені 21 см. Ол биіктігінің  $\frac{1}{3}$  бөлігін құрайды.  
Тік тәртбұрыштың периметрін тап.
5. Гүл алаңы тік тәртбұрыш пішінінде болып, а қабырғасы 250 м, ал b қабырғасы 150 м. Алаңның периметрі 800 м. Егер алаңның a қабырғасын 100 м-ге қысқартып, b қабырғасын 100 м-ге ұзайтысақ сол алаңның периметрі өзгерे ме?
6.  $4128 + 43 \cdot 34$        $(864 + 96) : 30 + 3846$   
  
 $5478 - 35 \cdot 78$        $(7712 - 832) : 40 - 87$
7. Кесте негізінде есеп құрастыр және оны шеш.

Бір сынып бөлмесінің алаңы	Сынып бөлмелерінің саны	Жалпы бөлмелер алаңы
$45 \text{ м}^2$	15	?
	14	?




### 3-СЫНЫПТА ӨТІЛГЕНДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ ЖӘНЕ ЖАЛПЫЛАСТЫРУ

1. Қысқа жазу бойынша есеп құрастыр және оны шеш:  
Барлығы — 3816 оқу құралы.


Тең таратылды — 4 мектепке.

1 мектепке — ? оқу құралы.


2. Кескінде неше үшбұрыш және неше төртбұрыш жасырынған?



3. Диаграмманы талда, төрт сыныпта түрлі үйірмелерге қатысатын оқушылар санын тап. Диаграмма осіндегі әрбір торкөз 3 оқушыға тең.



4. Хайуант бағында тау ешкісі үшін  $36 \text{ м}^2$ , пони аты үшін одан 4 есе көп орын ажыратылған. Олар үшін жалпы неше квадрат метр орын ажыратылған?
5. Екі күкірт құтыларының әрқайсысында 50 данадан күкірт таяқшалары бар. Бірінші құтыда 3-еуін, екінші құтыда 10-ының үші жанған болса, жалпы екі құтыда таяқшалар саны нешеу қалады?



**6.**

Электр есептеу құралы суреттері негізінде есеп құрастыр:

	01.02.2020	01.03.2020	Көрсеткіштер айырмашылығы
Көреткіш	1687	1835	?

**7.**

Амалдарды орында және нәтижелерді тексер:

$$1246 : 2$$

$$658 \cdot 2$$

$$1563 : 3$$

$$873 \cdot 3$$

$$4248 : 4$$

$$932 \cdot 4$$

$$6426 : 6$$

$$868 \cdot 7$$

**1.**

$\frac{1}{2}$  дм<sup>2</sup>,  $\frac{2}{5}$  м<sup>2</sup>,  $\frac{3}{5}$  м<sup>2</sup>-та неше см<sup>2</sup> бар?

**Шешуі:** 1 дм<sup>2</sup> = 100 см<sup>2</sup>. **Демек,**  $\frac{1}{2}$  дм<sup>2</sup> = 50 см<sup>2</sup>

**Жауабы:**  $\frac{1}{2}$  дм<sup>2</sup> = 50 см<sup>2</sup>

**2.**

Алгоритмдер негізінде есептер құрастыр және оны шеш.

$$\begin{array}{r} 1437 + 1794 \\ \hline ? \cdot 3 \\ ? \end{array}$$

$$\begin{array}{r} 6428 : 4 \\ \hline ? \cdot 3 \\ ? \end{array}$$


**3.**

Сызба негізінде есеп құрастыр және оны шеш:




4.  $x = 3$  см;  $y = 5,6$  см;  $z = 4,4$  см болғанда кесіндінің ұзындығын мм-де өрнектеп тап.


? мм




5. Бүйір қабырғасындағы кескінді қырқып, тәмен-дегі қайсы кескіндерді жасап болмайды?




*a*




*b*



*δ*



*e*



*f*



6.

$$1265 + 3 \cdot 2229$$

$$4627 - 2 \cdot 1248$$




7.

а) Ауданы 18 см<sup>2</sup> болған екі түрлі тік төртбұрыш сыз.

ә) Периметрі 18 см болған екі түрлі тік төртбұрыш сыз.

1. Бөлгіші 8-ге тең бөлген:  
а) 5 дұрыс бөлшек; ә) 5 бұрыс бөлшек жаз.
2. Тендеулерді шеш және оның жауаптарын тексер:  
 $x + 5164 = 7333$        $4346 + x = 9545$   
 $3502 - x = 1246$        $x - 248 = 7356$
3.  $783 : 3 \square 522 : 2$        $489 : 3 \square 924 : 4 - 157$   
 $\geq \leq \geq \leq$        $768 : 4 \square 955 : 5$        $955 : 5 \square 846 : 6 + 143$
4. Сандардың осінде А, В және С нүктелерге сәйкес сандарды тап:



5. Жас өнертапқыштар көрме байқауы қатысушыларының  $\frac{5}{8}$  бөлігін 15 жасқа дейінгі балалар құрайды. Жалпы қатысушылар саны 336 болса, 15 жасқа дейінгі балалар санын тап.



$$2686 + 12 \cdot 114$$

$$8237 - 14 \cdot 112$$


$$13 \cdot 112 + 11 \cdot 133$$

$$14 \cdot 211 - 15 \cdot 111$$



Екі бірдей жүк машинасы цемент тасыды. Бірінші машина 13 рет, ал екінші машина 17 рет қатынады. Мұнда бірінші машина 78 т цемент тасыды, Екінші машина неше тонна цемент тасыған?


1. Жұлдызшалар орнына қандай цифрлар қойылса теңсіздік дұрыс болады?
- |                |               |                |
|----------------|---------------|----------------|
| $0,*5 > 0,78$  | $5,*6 < 5,46$ | $0,62 < 0,*2$  |
| $6,8^* > 6,86$ | $7,76 < 7,*6$ | $0,3^* > 0,36$ |
2. Сурет негізінде есеп құрастыр:



3. Биіктігі енінен 3 есे үлкен болған тік төртбұрыштың ені 18 см. Төртбұрыштың периметрі мен ауданын тап.
4.  $x \leq 7$  теңсіздікке сәйкес келуші  $x$ -тің мәндерін тап және сандардың осінде көрсет.
5. Бұрыс бөлшектерді аралас санға айналдыр.

$$\frac{7}{2}; \quad \frac{14}{3}; \quad \frac{19}{4}; \quad \frac{31}{5}; \quad \frac{42}{10}$$

6. Санды пирамида үстіндегі сан астындағы екі санның көбейтіндісіне тең. Бос торқөздерді толтыр.



7. Күнтізбе көмегінде туылған күнің аптаның қайсы күнінде болатынын анықта.
8. Оқу жылы соңында 3-сынып оқушылары пайдаланған 120 оқулықтың қандай күйде екендігі талданғанда, олардың 20-дан 1 бөлігі «3» бағаға, 6-дан 1 бөлігі «4» бағаға және қалғандары өте жақсы сақталғандығы себепті «5» бағаға бағаланды. Неше оқулық үлгілі бағаға бағаланған?

## МАЗМУНЫ

### 2-СЫНЫПТА ӘТІЛГЕН МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚАЙТАЛАУ

Екі және үш таңбалы сандарды таңбадан өтіп қосу және азайту .....	3
Жақшалы өрнектер .....	6
Қосудың топтау заңы .....	7
Саннан қосынды немесе айырманы азайту.....	9
0 және 1 сандарының қатысуында көбейту және бөлу.....	10
Көбейтінділердің орнын алмастыру заңы.....	11
Санның бірнеше тәсілін және тәсілі бойынша санның өзін табу.....	13
Көбейту және бөлу.....	14
Комбинаторлық және логикалық мәселелер.....	15

### КЕСТЕДЕҢ ТЫС КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ БӨЛУ. ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАР

20·3, 30·4 көрінісіндегі өрнектер.....	17
60:3, 100:2 көрінісіндегі өрнектер.....	18
90:30 көрінісіндегі өрнектер.....	20
Қосынды санға, санды қосындығы қөбейту.....	21
23·4, 4·23 көрінісіндегі өрнектер.....	23
Қосындыны санға бөлу.....	24
42:3, 72:4 көрінісіндегі өрнектер.....	25
Бөлу және көбейтуді тексеру.....	26
Екі таңбалы санды екі таңбалы санға бөлу.....	27
Үш және одан артық көбейтінділерді қөбейту.....	29
Қалдықты бөлу .....	30
Қалдықты бөлуді тексеру .....	31
Түзу сызықты белгілеу.....	32
Кесінді, сәулө.....	34
100 санының қатысуында қөбейту және бөлу.....	36
200·3, 810:4 көрінісіндегі өрнектер.....	37
320·3 көрінісіндегі өрнектер.....	38
490 : 7 көрінісіндегі өрнектер.....	40

600:20, 900:300 көрінісіндегі өрнектер.....	41
240 : 30 көрінісіндегі өрнектер .....	42
Өткендерді пысықтау.....	43
1000 ішінде жазбаша көбейту мен бөлу.....	45
Ондықтан өтіп көбейту.....	46
Жұздіктен өтіп көбейту.....	48
Ондықтан және жұздіктен өтіп көбейту.....	49
396 : 3 көрінісіндегі өрнектер .....	50
346 : 2 көрінісіндегі өрнектер .....	52
852 : 4 көрінісіндегі өрнектер .....	53
216 : 3 көрінісіндегі өрнектер .....	55
276 : 4 көрінісіндегі өрнектер .....	56
742 : 7 көрінісіндегі өрнектер .....	57
Санның бөлінгіш пен еселілерін анықтау.....	59
Екі таңбалы санға көбейту.....	62
Үшбұрыштардың түрлері .....	65
Амалдарды орындау алгоритмі.....	67
Жақшалы өрнектерде амалдарды орындау алгоритмі.....	68
Өткендерді пысықтау.....	69
Кесіндіні тең бөліктерге бөлу.....	70
Шеңберді тең бөліктерге бөлу .....	71
Көпбұрышты тең бөліктерге бөлу.....	72
Өткендерді пысықтау.....	74

## 10 000 ИШІНДЕ ЦИФРЛАУ, АРИФМЕТИКАЛЫҚ АМАЛДАР. ШАМАЛАР

Төрт таңбалы сандарды цифрлау.....	76
Төрт таңбалы санды таңба бірліктері қосындысы көрінісінде бейнелеу .....	77
Төрт таңбалы сандарды салыстыру .....	79
Математика тарихынан: цифrlар қалай пайда болған .....	80
10 000 ішінде қосу мен азайту.....	82
Позициялық және позициялық емес санау жүйелері.....	87
Рим цифrlары .....	88

## 10 000 ІШІНДЕ КӨБЕЙТУ МЕН БӨЛУ

Ауызша көбейту және бөлу.....	90
Нәтижесі 10000 ішінде жазбаша көбейту.....	93
10000 ішінде жазбаша бөлу .....	96
Бөлуді тексеру.....	100
Көбейтуді тексеру .....	101
Ұзындық өлшем бірліктері.....	102
Ұзындық өлшем бірліктері арасындағы қатынас.....	103
Салмақ өлшем бірліктері.....	105
Салмақ өлшем бірліктері арасындағы қатынас.....	106

## МАТЕМАТИКАЛЫҚ ӨРНЕКТЕР. ТЕҢСІЗДІКТЕР. ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАР

a+b және a-b өрнектің мәнін табу.....	108
a · b өрнектің мәнін табу.....	109
a : b өрнектің мәнін табу.....	110
Құрамды салмақтар.....	111
Шын және өтірік пікірлер.....	117
Теңсіздік. Үлкен және кіші болмаған белгілер.....	119
Параллель түзу сызықтар.....	120
Перпендикуляр түзу сызықтар.....	122
Оське байланысты симметриялық фигуralар.....	123

## ЖАЙ БӨЛШЕКТЕР. ЖАЙ ОНДЫҚ БӨЛШЕКТЕР. ШАМАЛАР. ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАР

Бөлшек туралы түсінік.....	126
Бөлгіші 2, 4, 8 болған бөлшектер.....	129
Бөлгіші 3,6,12 болған бөлшектер.....	132
Дұрыс және бұрыс бөлшектер .....	134
Аралас сан туралы түсінік.....	136
Бөлшектерді салыстыру .....	141
Бөлгіші бірдей болған бөлшектерді салыстыру.....	143
Алымы бірдей болған бөлшектерді салыстыру.....	145
Бөлшектерді жарты тәсілмен салыстыру.....	148

Берілген санның бөлшегін және	
бөлшектен санды табу.....	151
Жай бөлшектерді қосу және азайту.....	152
Бірдей бөлгішті бөлшектерді қосу.....	154
Бірдей бөлгішті бөлшектерді азайту.....	156
Ауданның өлшем бірліктері.....	159
Аудандарды салыстыру.....	162
Уақыт өлшем бірліктері.....	163
Уақыт өлшем бірліктері арасындағы қатынас .....	165
Күнтізбе.....	166
Бұрыштардың градусы.....	167
Шеңберлі диаграммалар .....	171
Ондық бөлшектер.....	172
Бұрыс бөлшектерді ондық бөлшек көрінісінде өрнектеу .....	179
Ондық бөлшектерді жай бөлшек көрінісінде өрнектеу.....	180
Ондық бөлшектерді салыстыру және реттеу.....	181
Формаларды бұру .....	184
Бұрыш симметриясы.....	185
Кеңістікті фигура – пирамида.....	188
Кеңістікті фигура – конус .....	189
Түрлі көріністерде берілген мәселелер.....	191
Тендеуге алып келінетін мәселелер.....	192
Екі адымды және екі амалды мәселелер.....	196
3-сыныпта өтілгендерді қайталау және жалпыландыру.....	198

B 94

**Burhonov Sattor.**

Matematika: 3-sinf uchun darslik / S.Burxonov, O'.Худоюров,  
Q.Norqulova, N.Ruzikulova, L.Goibova. – Т.: «SHARQ»,  
2019.– 208 b.

ISBN 978-9943-26-913-2

UO'K: 51.(075)  
KBK 22.1

*O'quv nashri*

BURXONOV SATTOR OSIMOVICH, XUDOYOROV O'KTAM  
BOLTABOYEVICH, NORQULLOVA QARSHIGUL, RUIKULLOVA  
NIGORA SHUXRATOVNA, GOIBOVA LOLAJON YULDASHEVNA

# MATEMATIKA

Umumiy orta ta'lif mакtablarining  
3-sinfi uchun darslik

(Qozoq tilida)

To'rtinchchi nashr

«SHARQ» nashriyot-matbaa  
aksiyadorlik kompaniyasi  
Bosh tahririyati Toshkent – 2019

Аудармашы У.Байқабылов

Редактор Р.Усерова

Көркемдеуші редактор Б.Бабажанов

Суретші Н.Түйчинханова

Беттеуши М.Атхамова

**Баспа лицензиясы А1 № 201, 28.08.2011**

Басуға рұқсат берілді 01.07.2019. Пішімі 70x90  $\frac{1}{16}$ . «Arial» гарни-  
турасы Кеглі 14,5. Офсеттік баспа тәсілінде басылды. Шартты баспа  
табағы 15,21. Есептік баспа табағы 15,61. Тарапалымы 5532 нұсха.  
Тапсырыс № 440.

**«SHARQ» баспаполиграфия акционерлік компаниясы  
баспаханасы, 100000, Ташкент қаласы, Буюк Турон көшесі, 41.**

### Жалға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты-жөні	Оқу жылы	Оқулықтың алғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы күйі	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

**Оқулық жалға берілгенде және оқу жылдарынан соңында қайтарып алынғанда жоғарыдағы кестені сиыншыл жетекшісі төмөндегі бағалау өлшемі негізінде толтырады:**

Жана	Оқулықтың бірінші рет пайдалануға берілгенде күйі.
Жақсы	Мұқабасы бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық параптартары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттерінде жазулар мен сзықтар жоқ.
Орташа	Мұқабасы мыжылған, едәуір сзызылып, шеттері жейілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралуы мүмкін, пайдаланушы тараپынан қанағаттанарлы қапталған, түсіп қалған беттері қайта тігілмеген, кейбір беттеріне сзызылған.
Нашар	Мұқабасына сзызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыралған яки түгелдей жоқ, қанағаттанарсыз қапталған. Беттері жыртылған, параптартарын, оқулықты тіктеп болмайды.